



# Менеджмент теориясы мен тәжірибесінің дамуы

Орындаған: Абдрешова М.  
Қабылдаған: Асемова А.


Алматы, 2015

## АНЫҚТАМАСЫ:

- Менеджмент ағылшын тілінен аударғанда «басқару» деген мағынаны білдіреді. Менеджмент- бұл кәсіп орынды ұйымдастыру туралы, оны дамытудың стратегиясы ретінде қызметтерді іріктеу туралы және олардың жұмысын оңтайландыру туралы тиімді басқару.

# Даму тарихы

- Зерттеулерге қарағанда, менеджмент теориясының уақыт өлшемін біздің дәуірімізге дейінгі бес мың жылдан, яғни көне Шумер жазбасының шығуынан бастайды.



# Басқару революциясы

- Алғаш басқарушылық революциясы діни коммерциялық атқа ие болды. Сөйтіп осының арқасында басқалары қалыптасты.
- **Екіншісі** б.з.д 1760 жылдардағы әр түрлі әлеуметтік топтар тұрғындарының көптүрлі қоғамдық қатынастарын реттеуде мемлекетті басқарудың заңдар негізін ұстанған Хаммурапи ханның атымен байланыстырылды.
- **Үшіншісі** мемлекеттік басқару әдістерін өндіріс және құрылысты басқаруды реттеуге байланыстыруға бағыттаған Навуходоносор II есімімен байланысты.

- **Төртіншісі** ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырдағы Европадағы өндірістің дамуымен және капитализмнің тууымен байланыстырылған. Бұл кезеңде өндірістің пайдасы мен дамуына басым көңіл аудару басқару қызығушылығын арттырды.
- **Бесіншісі** ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы жиі бюрократиялық деп аталатын басқару революциясына жатқызылады. Басқару аумағының теориялық негізін бюрократиялық концепция қайта құру арқылы басқарудың ірі иерархиялық құрылымын қалыптастырып, еңбек бөлінісін іске асырып, өлшемдер мен стандарттар енгізіп, жауапкершілік пен қызметтік міндеттемелерін қалыптастырды.

- Социалистік шаруашылық жүйеге байланысты ғылыми басқару идеясы өз уақытында дамымады деуге болмайды. 1965-1966 жылғы экономикалық реформадан кейін еңбекті ғылыми ұйымдастыру тіпті науқанға айналып кетті. Соның салдарынан әрбір мекемеде еңбекті ғылыми ұйымдастыру бөлімдері, ол бөлімде өз инженерлері мен ұйымдастырушылары болды.

ХІХ-ғасырдың соңынан ХХ-ғасырдың ортасына дейін басқару саласындағы ғылыми зерттеулер, негізгі үш бағытта жүргізілді:

- 1. ғылыми менеджмент (1885-1920 жылдар),
- 2. Классикалық мектеп (1920-1930 жылдар),
- 3. адамдар қатыстары мектебі (1930-1950 жылдар).

Ал ХХ-ғасырдың ортасынан бастап зерттеулер бес бағытта жүргізіле бастады:

- **1. мінез - құлықтық мектеп,**
- **2. сандық амал,**
- **3. жүйелік амал,**
- **4. ситуациялық (фр. — жағдайлық) амал,**
- **5. жаңа амалдар.**



- Басқару эволюциясына мұндай жан-жақты амалдар рыноқтық - кәсіпкерлік құрылымдардың соғыстан кейінгі экономикада белсенді қалыптасуына байланысты болды.
- Өндірісте тұтыну тауарлары қызмет көрсетудің өсуі осыған дейін кездеспеген шағын рыноктар мен ерекше талаптары бар тұтынушыларға бағытталды. Ал мұндай жаңа бағыт орта және шағын ұйымдардың қаулап өсуіне әкеліп соқты. Кәсіпорындар өте күрделі өзара байланыс пен тәуелділікке және, сол сияқты, ірі корпорациялар толығымен монополияланған менеджментке тап болды.

- Жаңа ұйымдарға сыртқы ортаның құбылыстарына жылдам және икемді бейімделу мүмкіндігін туғызатын басқару жүйесін қажет етті. Менеджментке жаңа көзқарастың қажеттілігін өзара бәсекелестік шиеленісте көптеген корпорациялар бастарынан кешірді. Оларға, **бір жағынан**, қабылданған шешімдерді өте қолайлыландыратын жағдайлар туғызатын, **екінші жағынан**, корпорациялардың барлық құрылымдары арасындағы ұйымдастырушылық қатыстарды сақтап қала алатын әдістер қажет болды. Белгілі бір жағдайда бұл қажеттілікті жүйелік және ситуациялық амалдарға негізделген жаңа зерттеулер қанағаттандыра алатын.

## Қорытынды:

- Менеджментте әр түрлі мектептің негіздерінің қалыптасып, дамуы менеджменттің одан әр дамып, өркендеуіне әсер етті. Жоғарыда аталаған мектептер тәсілдері қазіргі заманда өзгерістерге ұшырап, оларға жаңа заманға сай жаңашылдықтар енігізіліп келуде. Менеджментте қазірге дейін осы мектептердің тәсілдері қолдануда. Болашақты болжауда нарықтақ экономиканың тұрақсыздығы менеджменттің жан- жанқты дамуына әкеп соғуда.

- Менеджмент нарықтық экономикалық қажеттіліктері мен жағдайларды толығырақ жауап беретін басқару типі, болғандықтан тиімді ұйымдастыруды қажет етеді. Менеджмент еркін кәсіпкерлік, бәсекелестік, экономикалық мотивация жағдайында туған нақты басқарудың тұжырымдамасында пайда болып рәсімделді.
- Қазіргі таңда менеджмен аса кәсіпқой деңгейде іске асырылуды. Өйткені, Қазақстанда инвесторлық қызметтің қарқынды дамуы себеп болуда

## Әдебиеттер тізімі:

- Иванов Л.Б. «Менеджмент негіздері: басқару эволюция ойлары». Оқу құралы, СПб, ЛТА 1996 жыл
- Русинов Ф.М.,Петросян Д.С «Қазіргі заманғы менеджмент теориясы» Оқу құралы, Москва 1993 жыл
- Смолкин А.М «Менеджмент. Ұйымдастыру негіздері», оқу құралы. Издательский дом, «ИНФРА-М», Москва 1999 жыл